

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

Бекітілді
Тарих, археология және этнология
факультетінің Ғылыми Кеңесінде
Хаттама № « »2022 ж.
Факультет деканы____**Ноғайбаева М.С.**

«6В03208 -САНДЫҚ АРХИВТАНУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАНУ» 2-КУРС
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА АРНАЛҒАН «ШЕТЕЛ
МҰРАҒАТТАРЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2022

«6B03208 -Сандық архивтану және құжаттану» мамандықтарының негізгі оқу жоспарына негізделіп дайындалған.

Бағдарламаны дайындаған: Сабденова Г.Е.

Бағдарлама дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының отырысында қарастырылған

Хаттама № _____ 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі

Жұматай Ғ.

Факультетті методбюросының

Отырысында мақұлданды

Хаттама № _____ 2022 ж.

Методбюро төрайымы

Терекбаева Ж.

Емтиханды қабылдау формасы - жазбаша

Емтиханды әкімшілік тарапынан бекітілген комиссия бақылап отырады.

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ТӨМЕНДЕГІ БАҒДАРЛАМА ҰСЫНЫЛАДЫ

Ежелгі дүние мұрағаттары

Бағдарламаға сәйкес студенттер ежелгі дүние мұрағаттарының даму кезеңдерін және ерекшеліктерін меңгерулері керек. Соның ішінде семинар барысында ежелгі Грек және Рим мұрағаттарына көңіл бөлінеді. Студенттер тапсырманы орындау барысында Грек және Рим жерлеріндегі жазу мәдениетінің қалыптасып, даму ерекшеліктерінің мұрағат ісіне тигізген ықпалына баға берулері және сол кезеңнің негізгі жазба мәдениеті ескерткіштерін және олардың сақталуын қамтамасыз ету шараларын білуі керек. Б.з.д. II-I мың ж. жазба ескерткіштері. Афина полисінің мұрағаттары. Оның құрамы және мазмұны. Ежелгі грек кітапханалары. Ежелгі Рим мұрағаттары. Абыздар мұрағаттары (понтифик, абыз-балшы). Кеңсе ісін жүргізудегі жазу дәстүрлері және оның өзгеріске ұшырауы.

Ортағасырлар кезеңінің мұрағаттары

Студент 7-13 ғасырлардағы тәждік мұрағаттардың қалыптасу тарихын білу үшін сол кезеңдегі Еуропадағы саяси, әлеуметтік жағдайлармен танысуы керек. Олардың ішінде әсіресе Франциядағы қазыналық хартия, Англиядағы Капелла свиткаларының, Испаниядағы Арагон тәжі мұрағаттарын ерекше мән беріледі. Сол кезеңдегі қоғамдық жағдайды ескере отырып қалалар мұрағаттардың маңызы, гильдия және цехтар мұрағаттары, университеттер мұрағаттары, шіркеу және монастырлар мұрағаттары, госпиталь мұрағаттары, жеке мұрағаттардың орнын, оларға тән ерекшеліктерді білуі тиіс. Кеңсе ісі және құжаттарды сақтаудың жағдайымен танысу жүктеледі.

Шіркеулік және монастырлық мұрағаттар

Берілген тапсырманы орындау барысында студенттер негізгі Еуропаның шіркеу және монастырлық мұрағаттар жайында мәліметтер жинауы және олардың тарихынан құлағдар болулары керек. Сол кезеңдегі тарихи жағдайды бағалай отырып, сол кезеңдегі шіркеулер мен монастырлардың қоғамдағы орнын түсіне отырып, олардағы құжаттардың маңызын балаулары тиіс. Шіркеулік мұрағаттардағы құжаттардың

құрамына мінездеме берілуі, жинақтау көздері анықталуы және оның ерекшеліктеріне сипаттама берілуі керек. Жергілікті жерлердегі папалы және шіркеулік мұрағаттардың қызметі де қарастырылады.

А.Бордье, Г.Ригну, Ш.Ланглуа, А.Штейн еңбектері және олардың мұрағаттанудың дамуына тигізген әсері. Мұрағаттық білім. Париждік хартия мектебі.

Студенттер А. Бордье, Г.Ришу, Ш.Ланглуа және А.Штейн еңбектерімен танысуы керек және олардың мұрағаттанудың дамуына тигізген ықпалына баға беруі керек. Ұлы Француз революциясы кезінде пайда болған мұрағат ісін ұйымдастырудағы жаңалықтарды көрсетулері және оларға тигізген жоғарыда көрсетілген авторлардың ықпалын анықтаулары тиіс. Осы кезеңде пайда болған мәселе – мұрағат ісін орталықтандыру мәселесінің кейінгі кезеңдердегі осы салаға тигізген ықпалын бағалаулары керек. Франциядағы мұрағатшы мамандарды даярлау мәселесі, олардың шешімі, осы бағыттағы Париж хартия мектебінің ерекшеліктерімен танысады.

XVI-XVII ғасырлардағы абсолюттік монархия тұсындағы мұрағаттар, Ведомствовольқ мұрағаттар.

Негізгі саяси мұрағаттар. Ведомствовольқ тарихи мұрағаттар. Мұрағатқа қол жеткізу мәселелері. Еуропадағы мұрағаттардың түрлері (қалалық, шіркеулік). Олардың қолдану аясы және сипаты.

Экономикалық мұрағаттардың пайда болуы. Оның даму барысы. Мұрағат құжаттарын сыныптау, жүйелеу, сипаттау мәселелері.

Мұрағаттану және іс жүргізу туралы алғашқы еңбектер. Якобфон Рамминген және оның еңбектері. Балтазар Бонифации және оның «Мұрағаттар жайлы кітабы». Агасфер Фритча еңбектеріндегі мұрағат қызметінің заңдық тұрғыдан реттелуі. Георг Асбботлин еңбегіндегі құжаттарды сыныптау мәселесіне тән ерекшеліктер.

Мемлекеттік және провинциялық мұрағаттардың қалыптасуы. Құрамы мен жүйесі.

Студенттер Еуропадағы мемлекеттік және провинциялық мұрағаттардың қалыптасу және даму тарихымен танысуы керек. Аталған мұрағаттардың қорларының ерекшеліктерінің себептерін білулері тиіс. Бұл

мұрағаттардың қорларының мазмұндық құрамымен танысу, олардың хронологиялық шектерін білу – тапсырманың міндеті болып табылады.

Греция, Сербия, Болгария и Румыния мұрағаттары.

Студенттер Греция, Сербия, Болгария и Румынияның ірі мұрағаттарымен танысу – тапсырманың міндеті болып табылады. Аталған мемлекеттердегі мұрағаттарда сақталған жазба мәдениеті туындыларымен танысады. Грекиядағы Депо мұрағат, Иония аралдарының сенат мұрағаты, Сербия ғылыми қоғамының мұрағаты, Белградтағы мемлекеттік мұрағат, Софиядағы Ұлттық мұрағаттың қызметі, Болгариядағы «Қайта өрлеу» мұрағаты, Румынияда 1867 жылы негізі қаланған көне заттардың Ұлттық мұражайының тарихымен танысулары керек. Аталған мекемелердің құжаттық қорларына байланысты мәліметтер жинаулары керек. Греция, Сербия, Болгария, Румыния мұрағаттары. Тарихи қоғамдардың жазба құжаттар қоймаларын қалыптастырудағы маңызы. Мұрағат ісінің дамуындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер. Мұрағат ісін жүргізудің әдістемесі және техникасы. Ұлттық кітапханалар мен мұражайларда құжаттарды жинақтау және коллекциялау.

Мұрағаттардың ғылыми зерттеу орталықтары және мекемелері ретінде атқаратын қызметтері

Студенттер мұрағаттар мен ғылыми-зерттеу мекемелері арасындағы байланыстарды, олардың себептері білулері керек. Олардың мұрағаттық қорларды, мұрағат жұмысын дамытудағы маңызына баға бере алулары керек.

Америка елдеріндегі мұрағат ісінің қалыптасуы және дамуы

Тапсырманы орындау барысында Оңтүстік Америка елдеріндегі мұрағаттардың даму тарихына қатысты материалдарды қайталау керек.

Қазіргі замандағы Австрия, Германия мұрағаттары

Аталған тапсырмаға дайындық барысында студенттер қазіргі Австрия мен Германияның қазіргі кезеңдегі белгілі бір мұрағатының тәжірибесінде сол мұрағатқа тән ерекшеліктерді көрсетуі тиіс және оларды білдің елімізде енгізу мүмкіндігіне баға беруі керек. Бұл мұрағаттардағы ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесіне тән ерекшеліктерге және өзге де пайдаланылатын технологиялардың мүмкіндік аясына талдау жасайды.

Финляндия, Швеция, Дания, Норвегиядағы қазіргі замандағы мұрағаттар

Аталған тапсырмаға дайындық барысында студенттер қазіргі Финляндия, Швеция, Дания, Норвегияның қазіргі кезеңдегі белгілі бір мұрағатының тәжірибесінде сол мұрағатқа тән ерекшеліктерді көрсетуі тиіс және оларды білдің елімізде енгізу мүмкіндігіне баға беруі керек. Бұл мұрағаттардағы ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесіне тән ерекшеліктерге және өзге де пайдаланылатын технологиялардың мүмкіндік аясына талдау жасайды.

Батыс Еуропа елдеріндегі қазіргі заманғы мұрағат ісі.

Аталған тапсырмаға дайындық барысында студенттер қазіргі Батыс Еуропа елдеріндегі қазіргі кезеңдегі белгілі бір мұрағатының тәжірибесінде сол мұрағатқа тән ерекшеліктерді көрсетуі тиіс және оларды білдің елімізде енгізу мүмкіндігіне баға беруі керек. Бұл мұрағаттардағы ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесіне тән ерекшеліктерге және өзге де пайдаланылатын технологиялардың мүмкіндік аясына талдау жасайды.

АҚШ-тағы мұрағат ісі.

АҚШ-тағы мұрағат ісі. АҚШ-тағы Ұлттық мұрағат және құжаттаманың басқармасы. Мұрағат бөлімдері функциялары. Ұлттық мұрағаттың құрылымы. Өлкелік мұрағаттар, президент кітапханалары, құжаттарды сақтаудың арадағы орталықтары. Олардың функциялары мен қызметі. Провинциалдық мұрағаттар (штаттар мұрағаттары), олардың қызметі. Ұлттық мұрағаттың құжаттаманы басқару саласындағы қызметі. Құжаттаманы басқару бағдарламалары. АҚШ-тағы мұрағатшылар қоғамы және оның ұлттық мұрағат ісі мәселелерін шешудегі маңызы.

Қазіргі замандағы шетел мұрағаттарындағы ақпараттық технологиялар

Тапсырманы орындау барысында студенттер мұрағат ісі саласындағы ақпараттық технологиялардың пайда болу және даму тарихымен танысулары керек. Қазіргі кезде алдыңғы қатарлы әлемнің мұрағаттарында қолданыста жүрген технологиялардың ерекшеліктерін, оларда пайдаланылатын компьютерлік бағдарламалардың ерекшеліктерін және

оларды республикамыздағы мұрағаттарда пайдалану мүмкіндіктерін және жолдарын қарастырулары керек.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі

Әдебиет

1. Архивы и управление документацией за рубежом. Основные проблемы. М., ВНИИДАД. 1989.
 2. Архивное законодательство в капиталистических странах. Сб. официальных документов. М., 1990.
 3. Банасокевич В.Д., Сокова А.Н. Управление документацией из зарубежного опыта // Отечественные архивы, 1992, 2.-с.100-107.
 4. Бржостовская Н. Архивы и архивное дело в зарубежных странах. М, 1974.
 5. Маяковский И.Л. Архивное дело в рабовладельческих государствах древности и в эпоху феодализма. М, 1960.
 6. Сексенбаева Г.А. Архивное дело в зарубежных странах (80-90-е годы 20 в). А, 2000.
- Қосымша

Интернет ресурстар:

1. <http://www.aprk.kz/> (каз., рус.)
2. <http://www.gaar.kz/> (рус.)
3. <http://www.kuzhatzhai-atyrau.kz/rus/> (рус., каз., англ.)
4. <http://www.arhiv.vko.gov.kz/> (каз., рус.)